



## КӨПЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАҢА ДЕНГЕЙГЕ КӨТЕРІЛЕДІ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия + Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастығы кеңесінің» бірінші саммитіне қатысты.**

Президент өз сөзінде Орталық Азия мен Шығанақтағы араб мемлекеттері басшыларының бүгінгі кездесуі, ең алдымен, уақыт талабы және көпжақты ынтымақтастықты мүлде жаңа деңгейге көтеру жолында өзара түсіністік бар екенін көрсететініне назар аударды. Оның айтуынша, біздің елдеріміз екіжақты форматта берік әрі үйлесімді мемлекетаралық қатынас орнатты. Сенімді әрі белсенді саяси диалог, сауда-экономикалық ынтымақтастық дамып, мәдени-гуманитарлық байланыстар тұрақты түрде нығайып келеді.

— Жаһандық орнықты даму мәселесі бойынша мемлекеттеріміздің халықаралық аренадағы көзқарастары — ортақ немесе жақын. Жалпы, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі мақсаттары да бір. Тарихи байланыстар, ортақ рухани құндылықтар, достық пен бауырлас-

тық — қарым-қатынасымыздың берік негізі екені сөзсіз. Қазақстан бүгінгі кездесуге ерекше мән береді. Шығанақ елдерінің саяси ықпалы, экономикалық және инвестициялық әлеуеті зор. Олар — көптеген негізгі бағыттар бойынша біздің ең маңызды серіктесіміз. Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі аймақтық ынтымақтастығын жандандырып, өңірдің жаһандық маңыздылығын күшейтеу қажет деп санаймыз. Бұл көпжақты ықпалдылықты тереңдету үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Осы іске «Орталық Азия +» диалог форматы елеулі үлес қосатыны сөзсіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Орталық Азия мемлекеттерінің әлеуеті мен Шығанақ елдерінің орасан зор мүмкіндігі көпжақты серіктестікті биік белеске шығара алатынына сенім білдіріп, осы диалог форматындағы ынтымақтас-

тықтың басым бағыттарына қатысты өз пікірін ортаға салды.

— Ең алдымен, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту маңызды. Соңғы жылдары біздің аймақтың ынтымақтастық кенеске мүше елдермен сауда-саттығы қарқынды дами бастады. Мұны ерекше атап өткен жөн. Бірақ көрсеткіштер біздің әлеуетіміздің толық пайдаланылмай отырғанын көрсетеді. Тауар айналымын айтарлықтай арттыру үшін бізде барлық мүмкіндік бар. Ол үшін өзара сауда номенклатурасын ұлғайту қажет. Мысалы, Қазақстан қысқа мерзімде құны шамамен 400 миллион доллар болатын 100 түрлі тауар экспорттауға дайын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент инвестициялық ынтымақтастықты жандандыру мәселесін екінші басым бағыт ретінде атады. UNCTAD баяндамасына сәйкес былтыр Орталық Азияға тартылған таза инвестиция 40 пайызға артып, 10 миллиард долларды құрады. Оның 60 пайызы Қазақстанға тиесілі.

(Жалғасы 2-бетте)

## ТЫҢ СЕРПІН БЕРУГЕ ДАЙЫН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия + Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесінің» бірінші саммиті аясында Кувейт мемлекетінің Тақ мұрагері шейх Мешаль әл-Ахмед әл-Джабер ас-Сабахпен кездесу өткізді.



Кездесу барысында сауда-экономика және инвестиция салаларындағы қазақ-кувейт ынтымақтастығының даму перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы Кувейтпен байланысты нығайтудың маңыздылығын атап өтті. Оның

айтуынша, Қазақстан екі ел арасындағы қарым-қатынасты одан әрі дамытуға мүдделі және барлық басым бағыт бойынша өзара іс-әрекетке тың серпін беруге дайын.

Тақ мұрагері шейх Мешаль әл-Ахмед әл-Джабер ас-Сабах

Астана мен Әл-Кувейт арасындағы достық және өзара тиімді қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға дайын екенін атап өтіп, сауда-экономикалық, инвестициялық, туристік салалардағы ынтымақтастықты дамыту үшін зор әлеует бар екенін жеткізді.

## САУД АРАБИЯСЫНЫҢ ТАҚ МҰРАГЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясының Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман Әл Саудпен кездесті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясының Тақ мұрагері, Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Саудқа ілтипат білдіре отырып, «Орталық Азия + Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі» атты мемлекеттер басшыларының бірінші саммитіне қатысуға шақырып, қонақжайлық көрсеткені үшін алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясы Қазақстанның ислам және араб әлеміндегі негізгі стратегиялық серіктесі екенін атап өтті.

Кездесу барысында сауда-экономика, инвестиция, энергетика, «жасыл» энергетика, туризм,

ауыл шаруашылығы және көлік-логистика салаларындағы ынтымақтастық мәселелері қарастырылды.

Өз кезегінде Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд Қазақстан Сауд Арабиясының Орталық Азия аймағындағы маңызды әрі сенімді серіктесі екенін атап өтті. Оның айтуынша, сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды одан әрі дамытып, нығайту үшін мол әлеует бар. Сондай-ақ ол екіжақты қатынастарды жаңа деңгейге көтеру үшін күш салуға ниетті екенін жеткізді.

## ДЕПУТАТТАР — «ӘСКЕРДЕ»

Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшелері ҚР ҰҚК Шекара академиясы курсанттарына арналған лагерьде үш күннен бері оқу-жаттығу жиынына қатысып жатыр.

Мәжіліс депутаттары Максим Рожин, Олжас Құспеков, Болат Керімбек және Самат Нұртаза курсанттармен бірге апта бойы таудағы лагерьде тұрып, жаттығады. Содан кейін депутаттар Қытай және Қырғызстанмен мемлекеттік шекараны қорғайтын болады.

Депутаттар шекара әскерлері соңғы үлгідегі техникамен жабдықталып, онда үздіктердің үздіктері қызмет етуі керек деп есептейді. Өйткені еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ең күрделі жауынгерлік міндеттерді күн сайын орындайтын — осы шекарашылар.



3»

Анар ФАЗЫЛЖАН,  
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры:

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ЦИФРЛАНДЫРУЫМЫЗ КЕРЕК

Ұлттық құндылықтың негізгі құрметамыры — оның ана тілі. Заман талабына сай тіл де жаһандандудың үрдісіне ілесіп, дамып отыруы керек. Қазақ тілінің күнделікті қолданысын зерттеп, өткенін саралап, болашағын бағдарлап жүрген бірден-бір орталық — Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Біз институт директоры Анар Фазылжанға хабарласып, қазақ тілінің келешегі мен қазіргі мәселелері жайлы әңгімелестік.



4»



# КӨПЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАҢА ДЕНГЕЙГЕ КӨТЕРІЛЕДІ



(Басы 1-бетте)

— Тәуелсіздік жылдары Шығанақ елдері Қазақстан экономикасына 3,6 миллиард долларға жуық қаржы салды. Сондықтан біз инвестициялық байланыстарды одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Осыған орай экономиканы әртарапандыруға бағытталған ауқымды реформалар жүргізілуде. Шетелдік капитал үшін барынша қолайлы жағдай жасап жатырмыз. Жуырда Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасында Іскерлік кеңес құрылды. Ол екі елдің сауда және инвестициялық әлеуетін арттыруға арналған маңызды алаң болмақ. Біз Кеңеске мүше мемлекеттердің барлығымен осындай ынтымақтастық орнатуға дайынбыз. Серіктестерімізді «Астана» халықаралық қаржы орталығының мүмкіндіктерін белсенді пайдалануға шақырамыз, — деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, көлік-транзит саласын дамыту маңызды. Қазіргі таңда мемлекеттеріміз көлік бағыттарын әртарапандыру үшін белсенді шаралар қабылдап жатыр. Түрлі инфрақұрылымдық және логистикалық жобалар қолға алынуда. Атап айтқанда, Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік дәлізін одан әрі дамытуға баса мән береді.

— Біз бұл бағыт арқылы жүк тасымалын дәйекті түрде ұлғайтуға ниеттіміз. 2030 жылға қарай жыл сайын 500 мың контейнерге дейін жүк жеткізуді жоспарлап отырмыз. Бұдан бөлек, Қазақстан «Солтүстік — Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізін дамыту шараларын қабылдауда, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайтуды келесі басым бағыт ретінде атап өтті. Орталық Азия мемлекеттерінің аумағында 30 миллиард тоннадан астам барланған мұнай қоры және 20 триллион текше метрден астам газ қоры бар. Бұл аймақтың мұнай мен газ көлемі жағынан әлемде Араб түбегінен кейін екінші орында екенін көрсетеді.

— Қазақстан ОПЕК+ келісімінің қатысушысы ретінде осы ұйымға мүше елдермен ынтымақтастықты жоғары бағалайды. Біз жан-жақты қарым-қатынасты тереңдете түсуге дайынбыз. Елімізде энергия ресурстарын тасымалдау

бағыттарын әртарапандыру үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Сонымен бірге Қазақстан өндіріші жаңа қуат көздерін дамытуға және жаңғыртуға баса мән береді. Геологиялық барлау және өндіру ісіне озық тәжірибе мен технологияны енгізуге айрықша көңіл бөледі. Сондай-ақ заманауи мұнай-химия өнеркәсібін өркендетуге басымдық береді. Қазақстан Шығанақ елдерінің ірі энергетикалық компанияларымен тығыз қарым-қатынас жасауға дайын. Әсіресе, «жасыл энергетика» саласында бірлесіп жұмыс істеуге ниетті. Мысалы, Саудияның «ACWA Power», Әмірліктердің «Masdar» және Қатар компаниялары жобаларының келешегі зор. Жуырда Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының кеңесі өтті. Сол жиында мен Қазақстанда Халықаралық энергетикалық форум өткізуді ұсындым. Ынтымақтастық кеңесіне мүше елдердің мұнай мен газ экспорттайтын кәсіпорындарын осы іс-шараға қатысуға шақырамыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты мәселеге арнайы тоқталды. Сондай-ақ Қазақстан Араб елдеріне ауыл шаруашылығы тауарларын экспорттау көлемін ұлғайтып, олардың құрылымын әртарапандыруға мүдделі екенін айтты.

— Еліміз — әлемде бидай мен ұн өндіретін ең ірі мемлекеттің бірі. Араб әріптестеріміздің «органик» және «халал» өнімдерін өндіру, өңдеу және сертификаттау тәжірибесі мен мүмкіндігі мол. Сондықтан оларға сұраныс жоғары. Осы орайда стандарттарды, техникалық реттеу және сертификаттау жүйесін үйлестіру маңызды. Бұл бағыттағы жұмысты жалғастыру қажет деп санаймыз. Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымының әлеуетін пайдаланып, бұл міндеттерді тиімді іске асыра аламыз. Ұйымның қазіргі Төрағасы ретінде белсенді жұмыс жүргізіп жатқаны үшін Қатар басшылығына шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Сондай-ақ оның қызметін жандандыруға Сауд Арабиясының зор үлес қосқанын айрықша атап өткім келеді. Жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін нығайтып, осы саладағы ынтымақтастықты дамыту үшін Ауыл

шаруашылығы министрлерінің кездесу тетігін құруды ұсынамын, — деді Президент.

Бұдан бөлек, Президент аймақаралық туризмді дамытуды ынтымақтастықтың келесі басым бағыты ретінде атады.

— Орталық Азияның туристік әлеуеті зор. Мұны тиімді пайдалану қажет. Сондай-ақ туризм индустриясы — аймақ экономикасының тез дамып келе жатқан саласының бірі. Осыған орай туризмнің мәдени-танымдық, экологиялық, спорттық, сауықтыру және іскерлік салаларын бірлесіп дамытуға дайынбыз. Бұл туристік бағытты ілгерілетуге ықпал етеді. Бүгінде Қазақстан Ынтымақтастық кеңесіне мүше барлық мемлекет үшін визасыз режим енгізді. Сонымен қатар сіздердің астаналарыңызбен тікелей уәе қатынастарын жолға қойды, — деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзінің соңында ұсынылған бастамалар Қазақстанның өзара орнықты даму мен өркендеуді қамтамасыз етуге бағытталған ынтымақтастықты нығайтуға деген ұмтылысын растайтын жеткізді.

Сонымен қатар «Орталық Азия + Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесінің» бірінші саммитіне Сауд Арабиясының Так мұрагері, Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд, Бахрейн Королінің гуманитарлық жұмыс және жастар ісі жөніндегі өкілі, Ханзада шейх Насер бен Хамад Әл Халифа, Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни, Кувейттің Так мұрагері шейх Мешаль әл-Ахмед әл-Джабер әс-Сабах, БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі, Дубай Әмірлігінің Билеушісі шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум, Оман Сұлтанаты Премьер-министрінің орынбасары, Ханзада Асад бен Тарик Әл Саид, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Шығанақтағы араб мемлекеттері ынтымақтастық кеңесінің бас хатшысы Жассем Мұхаммед әл-Будауи қатысты.

«Орталық Азия + Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастығы кеңесі» бірінші саммитінің қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылданды.

## Өңірлік мәселелер жөнінде пікір алмасты

«Орталық Азия + Араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі» саммиті аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен кездесу өткізді.



Екі ел басшылары Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы қарым-қатынастардың даму қарқыны жоғары екенін атап өтіп, Эмомали Рахмонның биыл мамыр айында Астанаға жасаған мемлекеттік сапарының қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылуы барысын қарастырды.

Өңгімелесу барысында сауда-экономикалық байланыстар мен мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасып, алдағы кездесулер кестесін талқылады.

## ПАЙҒАМБАР МЕШІТІНДЕ ЗИЯРАТ ЕТТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сауд Арабиясы Корольдігіне жұмыс сапары Исламда екінші қасиетті орын саналатын Медина қаласындағы Мұхаммед пайғамбар мешітіне барудан басталды.



Мемлекет басшысы Мұхаммед пайғамбардың қабіріне зиярат етіп, дұға жасады. Қазақстан Президентінің келуіне орай оған ерекше құрмет ретінде Пайғамбар жерленген киелі орынның есігі ашылды.

## СЕНАТОРЛАР САПАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Сенат депутаттарының өңірлерге сапары жалғасуда.

Сенатор Жанболат Жөргенбаев Қарасай ауданындағы «Үшқонырриригация» мемлекеттік шаруашылығы коммуналдық кәсіпорнында сала мамандарымен және фермер шаруашылығының өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында су пайдаланушылардың жағдайымен танысып, сала сарапшыларының пікірін тыңдады. Мамандар аудандағы аграрлық саланың негізгі проблемалық мәселелерін, оның ішінде суару желілерінің тозуы мен істен шығуына қатысты тақырыптарды көтерді.

Сенат депутаттары Нұрлан Бекназаров пен Айгүл Қапбарова Шымкент қаласындағы жүрек ауруларын емдейтін орталықта болды. Бұл ұйым — елдің оңтүстік аймағындағы жетекші клиника және 20 жылдан



астам уақыт жұмыс істеп келеді. Медициналық мекеме өкілдері сенаторларға клиниканың қызметі туралы хабарлар етті және отандық медицинаның қазіргі деңгейі бүйрек, бауыр, жүрек, өкпе, ұйқы безін трансплантациялауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Әли Бектаев, Мұрат Қадырбек және Әлішер Сатыпалдиев өңірге сапар барысында Түркістан облысының Төлеби ауданында болды. Сенаторлар аудан активімен кездесіп, бірқатар әлеуметтік маңызды нысандарды аралады. Олар жұртшылықты Парламентте қабылданған заңдар туралы хабарлар етіп, құқықтық актілердің халықтың әлауқатын арттыруға бағытталғанын атап өтті. Депутаттар аудандардың жай-күйімен, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерімен, өңірлердің проблемаларымен және халықтың тыныс-тіршілігімен танысу мақсатында облыс аумағында кездесулер өткізіп жатқанын жеткізді. Жергілікті тұрғындар өз кезегінде инфрақұрылым, білім беру және денсаулық сақтау салаларына қатысты бірқатар мәселені көтерді. Депутаттар көтерілген мәселе-

лердің маңызына тоқтала келіп, олардың кезең-кезеңімен шешілуіне ықпал ететінін айтты.

Парламент Сенатының депутаты Андрей Лукин елорда аудандарының тұрғындары және әкімдіктердің өкілдерімен кездесті. Әкімдік өкілдері кездесуде 2023 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып берді. Депутат бюджеттік бағдарламаларды іске асырудағы 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша есептерді, сондай-ақ 2023-2025 жылдарға жоспарланған шығыстар туралы ақпаратты да тыңдады. Депутатпен және әкімдік өкілдерімен пікірлесуге ынталы қала аудандардың тұрғындары да кездесуге қатысты. Азаматтарды қызықтырған мәселелердің қатарында тұрғын үй саясаты, атап айтқанда, көпкөтерілі тұрғын үйлер құрылысының тығыздығы және тұрғын үй кешендеріндегі су қысымның азаюы мен судың мүлдем болмауы туралы болды. Сенатор өз кезегінде парламентшілер қозғалған барлық мәселені назарда ұстайтынын айта келіп, Сенаттың өткен сессиядағы жұмысының қорытындылары туралы хабарлар етті.













дар мен патшалар өз қыздарын жамбыны атып түсірген жігітке береміз деп шарт қойған? Өйткені мергендер епті әрі ақыл-ойы жоғары болады деп саналған. Нысананы дәлдеу үшін адам миында қаншама формула құралды, амал ойластырады, жоспарлайды – мұның бәрі тұнып тұрған математика. Денсаулық тұрғысынан айтсақ, садақ ату арқаны тік ұстауға, көру қабілетінің жақсаруына көп көмектеседі. Бізде садақ ату үйірмесіне біраз қатысқаннан кейін көзілдіріктерін тастаған балалар да болды.

— Академияға садақ үйренем деп келушілер көп пе?

# Садақ ату -

## ПАЙДАЛЫ ӨНЕР

**Садақ ату –** ожеден бері қанымызда бар өнер. Осы ұлттық өнерді насихаттап, әлемдік деңгейге шығарып жүрген, еліміздегі тұңғыш Садақ ату академиясының негізін қалаған Диас Ахметовпен аз-кем өңгімелескен едік.

— Диас, елордадағы Садақ академиясының құрылуы жайлы айтып беріңізші.

— Өзім негізі бала кезімнен бері садақ ату өнеріне қатты қызығатынымын. Өкініштісі, бүгінде көп адам, әсіресе жастар бұл өнерді ұмытып қырап барады. Осы мәселеге жаным ашығандықтан, 2018 жылы қыркүйек айында садақ ату үйірмесін аштық. Ісіміз алға басып, бір жылдан соң 2019 жылы республикалық Дәстүрлі садақ ату федерациясын құрдық. Ал 2022 жылы Жаңаөзен қаласында дәстүрлі садақ атудан тұңғыш рет ел чемпионатын



“

*Денсаулық тұрғысынан айтсақ, садақ ату арқаны тік ұстауға, көру қабілетінің жақсаруына көп көмектеседі. Бізде садақ ату үйірмесіне біраз қатысқаннан кейін көзілдіріктерін тастаған балалар да болды.*

өткіздік. Оған еліміздің әр түрлі елден 300-ге жуық садақшы келді. Сол кездерде елімізде тек 50-ге жуық садақшы бар еді. Алғашқы кездері осындай іс-шаралардың бәрін өз қаражатымызбен ұйымдастыратынбыз. Кейін біртіндеп, медианың күшімен осы бастамамызға жұртшылықтың назарын аударып, Үкімет тарапынан да қолдауға ие болдық.

— Садақ атудан шәкірттеріңіз қандай нәтиже көрсетіп жатыр?

— Академия жұмысының арқасында еліміз деңгейінде биыл 3 республикалық чемпионат қарастырылған. Оның ішінде 1 Азия чемпионаты, 1 Әлем кубогы бар. 2024 жылы бүкілдүниежүзілік көшпенділер ойынында біздің садақ ату сайысы төрт категория бойынша өтетін болады. Қазір елімізде садақ атудан екі спорт шебері бар. Балаларымыз да жақсы нәтиже көрсетіп келеді. Мысалы, 2022 жылы

Румынияда өткен Әлем кубогында үш шәкіртім жүлделі бірінші орынға ие болды. Бұдан бөлек, 2022 жылы Түркияда өткен көшпенділер ойынында біздің садақшы 35 елден келген 100-ден астам қатысушымен бәсекелесіп, күміс медальға ие болды. Ал Астанада өткен ел чемпионатында шәкірттеріміз 7 алтын, 8 күміс, 5 қола медаль алып келді. Ұлттық құрамада бізде 30 спортшы болса, соның 15-і – менің шәкірттерім.

— Садақ ату өнері жайлы, шыны керек, көпшілігіміз біле бермейміз. Жастарды садақ атуға байлауда бұл өнердің қандай пайдасы барын ескеруіміз қажет?

— Жалпы, садақ ату барлық спорт түрлері секілді денсаулыққа өте пайдалы. Неліктен біз естіген түрлі аңыздарда хан-

— Академияда балаларға арналған топтар да, ересектерге арналған топтар да бар. Балаларды 7 жастан бастап қабылдаймыз. Былтыр академиямыздан 5 мыңға жуық адам садақ атуды меңгеріп алды.

— Садақ ату спорттың қазіргі дамуына қаншалықты баға бересіз?

— Соңғы жылдары ұлттық дүниелерімізге оралып, түп-тамырымызды табуға деген қадамдар жақсы жасалып жатыр. Бұл орайда садақ ату өнері де жанданып жатыр десем артық айтқаным емес. Ұлттық өнерімізді насихаттап, осы мәселенің басы-қасында жүрген жанашыр жандар да көп.

— Өңімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Жанель ҚҰТТЫБАЙ

## ДІНИ НЫСАНДАР ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ



Қоғамда дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында Астанада Дін істері басқармасы дайындаған кітаптар жұртшылыққа таныстырылды. Аталмыш іс-шара аясында бас қалада ресми қызмет ететін діни бірлестіктердің шығу тарихы, діни ғибадат ғимараттары жайында жазылған «Елорданың діни нысандары» атты энциклопедияның тұсаукесері өтті.



Аталған кітап – елордадағы діни бірлестіктердің тарихы мен культтік тәжірибесі туралы жазылған тұңғыш туынды. Тұсаукесер рәсіміне Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мамандары, елордалық діни бірлестіктердің басшылары, ғылыми-сараптамалық қоғамдастық өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қызметшілері қатысты. Бұл кітап 16 тарауға бөлінген. Әрбір тарауда

Астанадағы конфессияларға қатысты жан-жақты ақпарат берілген.

— Қазір елімізде сәулеті мен сәні келіскен діни нысандар жетерлік. Осы орайда 2016 жылы Дін істері жөніндегі басқарма тарапынан елорданың діни бірлестіктері туралы кітапшалар жасау идеясы құрылды. Бұл кітапшалардың негізгі қызметі қала тұрғындары мен қонақтарына Астана қаласында қызмет ететін әр діни бірлестіктер жайлы қысқаша жинақталған ақпараттарды ұсыну болды. Авторлар кітапта еліміздегі күрделі поликонфессиялық жағдайды жақсы түсіндіре білді деп ойлаймыз әрі бұл әдебиет атқарушы органдар мен жергілікті діни қауымдастықтардың толерантты қарым-қатынасын жетілдіруге ықпал етеді деп үміттенеміз, — делі Астана қаласының Дін істері жөніндегі басқарма басшысы Нұрәулет Әлмұханов.

Жанель ҚҰТТЫБАЙ

## ЖЕКПЕ-ЖЕК КҮНІ АНЫҚТАЛДЫ

**Отандық кәсіпқой боксшы Айдын Елжановтың АҚШ-та қой күні жұдырықтасатыны белгілі болды.**

Оның осы айдың соңына жоспарланған жекпе-жегі өткізілмей қалған еді. Боксшы 22 шілдеде Калифорния штатының Лонг-Бич қаласында бокс кешінде рингке шығуы тиіс болатын, бірақ жекпе-жек белгісіз себептермен өткізілмейтін болды. BoxRec.com ақпаратынша, Айдынның ендігі жекпе-

жегі 26 тамызда Коммерс қаласында өтеді. Оның қарсыласы – бұрын-соңды жеңіліп көрмеген америкалық боксшы Энди Бельтран. Жекпе-жек екінші ең жеңіл салмақ дәрежесінде өтеді, кездесу алты раундқа дейін созылады.

Естеріңізге салсақ, А.Елжановтың бұған дейінгі соңғы жекпе-жегі 1 сәуір күні Лонг-Бичте өткен болатын. Онда төрешілердің шешімімен ол мексикалық боксшы Хуан Эрнандес Мартинеспен (2-2-2) тең түскен.



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –  
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Нұрболат АДЫРБЕК –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫБАҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Роза ШӘКЕН –  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемедер үшін – 35102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 45102  
Жеке жазылушылар үшін – 25102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4327

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114